

Information about the authors:

Kurebay Balzhan Yessenkyzy* – Master of Educational Sciences, Senior Lecturer, I. Zhansugurov Zhetysu University, Republic of Kazakhstan, 040009, Taldykorgan, 187a I. Zhansugurov Str., e-mail: kurebay.balzhan@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6772-8130>.

Sharipkhodzhaeva Zhenisgul Beissembekovna – PhD, Senior Lecturer, Almaty Humanitarian and Economic University, Republic of Kazakhstan, 050000, Almaty, 59 Zhandossov Str., e-mail: jeniskul_8970@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9888-3118>.

Kozhamkulova Nazgul Seifulinkyzy – Postdoctoral researcher, Almaty Humanitarian and Economic University, Republic of Kazakhstan, 050000, Almaty, 59 Zhandossov Str., e-mail: naztai_agu@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6668-7584>.

Yelamanova Aidana Sultanovna – Master, Senior Lecturer, Almaty Humanitarian and Economic University, Republic of Kazakhstan, 050000, Almaty, 59 Zhandossov Str., e-mail: aydana_elamanova@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-9100-9497>.

Күребай Балжан Есенқызы* – педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, 040009 Талдықорған қ., І.Жансүгіров көш. 187а, e-mail: kurebay.balzhan@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6772-8130>.

Шарипходжаева Женисгул Бейсембековна – PhD, аға оқытушы, Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050000 Алматы қ., Жандосов көш. 59, e-mail: jeniskul_8970@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9888-3118>.

Кожамкулова Назгул Сейфулинқызы – постдокторант, Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050000 Алматы қ., Жандосов көш. 59, e-mail: naztai_agu@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6668-7584>.

Еламанова Айдана Султановна – магистр, аға оқытушы, Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050000 Алматы қ., Жандосов көш. 59, e-mail: aydana_elamanova@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-9100-9497>.

Курейбай Балжан Есенқызы* – магистр педагогических наук, старший преподаватель, Жетісуский университет имени И. Жансугурова, Республика Казахстан, 040009 г. Талдықорған, ул. И. Жансугурова 187а, e-mail: kurebay.balzhan@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6772-8130>.

Шарипходжаева Женисгуль Бейсембековна – PhD, старший преподаватель, Алматинский гуманитарно-экономический университет, Республика Казахстан, 050000 г. Алматы, ул. Жандосова 59, e-mail: jeniskul_8970@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9888-3118>.

Кожамкулова Назгуль Сейфулинқызы – постдокторант, Алматинский гуманитарно-экономический университет, Республика Казахстан, 050000 г. Алматы, ул. Жандосова 59, e-mail: naztai_agu@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6668-7584>.

Еламанова Айдана Султановна – магистр, старший преподаватель, Алматинский гуманитарно-экономический университет, Республика Казахстан, 050000 г. Алматы, ул. Жандосова 59, e-mail: aydana_elamanova@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-9100-9497>.

XFTAP 03.20

ӨОЖ 372.893

<https://doi.org/10.52269/SKVC2622186>

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІ БОЙЫНША ОЛИМПИАДАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МИКРО-ЦИКЛДІК МОДЕЛІ

Қайырғали Н.Қ.* – «Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі, тарих пәні мұғалімі, педагог-сарапшы, «Озат» мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернаты, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Ахметов Т. А. – педагогика ғылымдарының кандидаты, педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Сартаев Р.Н. – «Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі, тарих пәні мұғалімі, педагог-модератор, Дарынды балаларға арналған БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ лицей-интернаты, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Мақалада қазіргі білім беру жүйесіндегі олимпиадалық дайындықтың маңызы Қазақстан тарихы пәні аясында жан-жақты талданады. Олимпиада педагогикасы дарынды оқушыларды анықтаудың, олардың зерттеушілік және аналитикалық қабілеттерін дамытудың тиімді құралы ретінде қарастырылады. Авторлар олимпиадалық дайындықтың негізі болып табылатын микро-циклдік тәсілдің теориялық және практикалық қырларын жүйелейді. Қазақстан тарихы бойынша

олимпиадаға дайындық оқушыдан тек фактілік білімді емес, тарихи талдау, дереккөздермен жұмыс, себеп–салдарлық байланыстарды анықтау дағдыларын талап ететіні көрсетіледі. Мақалада микро-циклдердің құрылымы, кезеңдері және олардың оқу процесіндегі рөлі нақты сипатталған. Әрбір микро-цикл оқушының белгілі бір дағдысын қалыптастыруға бағытталып, жүйелі қайталау мен тереңдетілген талдауға негізделетіні айқындалады. Теория мен практиканың бірлігі арқылы оқушының тарихи ойлау мәдениетін қалыптастыру жолдары ұсынылады. Сонымен қатар дарынды оқушымен жекелендірілген жұмыс жүргізудің тиімді әдістері мен сараланған тапсырмалар жүйесі қарастырылады. Олимпиадалық дайындықтағы метатанымдық дағдыларды дамыту мен рефлексияның маңызы ерекше атап өтіледі. Оқушы өз оқу әрекетін бағалап, қателерін талдап, алдағы жұмысын жоспарлауға үйренеді. Бұл үдеріс оның академиялық дербестігін арттырады. Авторлар ұсынылған модельдің оқушының білім сапасын көтерумен қатар, шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал ететінін дәлелдейді. Зерттеу нәтижелері Қазақстан тарихы пәні мұғалімдеріне олимпиадалық дайындықты ғылыми-әдістемелік тұрғыда ұйымдастыруға, оқыту үдерісін тиімді жоспарлауға және дарынды оқушылардың әлеуетін толық ашуға нақты практикалық бағдар береді.

Түйінді сөздер: олимпиада педагогикасы; Қазақстан тарихы; олимпиадалық дайындық; микроцикл; дарынды оқушы; тарихи ойлау; дереккөздерді талдау; аналитикалық дағдылар; жекелендірілген оқыту.

МИКРОЦИКЛИЧЕСКАЯ МОДЕЛЬ ОРГАНИЗАЦИИ ОЛИМПИАДНОЙ ПОДГОТОВКИ ПО ПРЕДМЕТУ ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА

Қайрғали Н.Қ.* – магистр педагогических наук по образовательной программе «История», учитель истории, педагог-эксперт, Специализированная школа-лицей-интернат информационных технологий «Озат», г. Костанай, Республика Казахстан.

Ахметов Т.А. – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры педагогики, психологии и специального образования, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

Сартаев Р.Н. – магистр педагогических наук по образовательной программе «История», учитель истории, педагог-модератор, Лицей-интернат «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» для одарённых детей, г. Костанай, Республика Казахстан.

В статье всесторонне анализируется значение олимпиадной подготовки в современной системе образования на примере предмета истории Казахстана. Олимпиадная педагогика рассматривается как эффективное средство выявления одарённых учащихся и развития их исследовательских и аналитических способностей. Авторы систематизируют теоретические и практические аспекты микроциклического подхода, лежащего в основе олимпиадной подготовки. Показано, что подготовка к олимпиадам по истории Казахстана требует от учащегося не только фактических знаний, но и навыков исторического анализа, работы с источниками, установления причинно-следственных связей. В статье подробно описаны структура микроциклов, их этапы и роль в учебном процессе. Каждый микроцикл направлен на формирование конкретных навыков учащегося и основан на системном повторении и углублённом анализе. Предлагаются пути формирования культуры исторического мышления через единство теории и практики. Кроме того, рассматриваются эффективные методы индивидуализированной работы с одарёнными учащимися и система дифференцированных заданий. Особое внимание уделяется развитию метакогнитивных навыков и рефлексии в процессе олимпиадной подготовки. Учащийся учится оценивать собственную учебную деятельность, анализировать ошибки и планировать дальнейшую работу, что способствует развитию его академической самостоятельности. Авторы обосновывают эффективность предложенной модели в повышении качества знаний, а также в развитии творческого и критического мышления. Результаты исследования предоставляют учителям истории Казахстана практические ориентиры для научно-методической организации олимпиадной подготовки, эффективного планирования учебного процесса и раскрытия потенциала одарённых учащихся.

Ключевые слова: олимпиадная педагогика; история Казахстана; олимпиадная подготовка; микроцикл; одарённый ученик; историческое мышление; анализ источников; аналитические навыки; индивидуализированное обучение.

A MICROCYCLIC MODEL OF PREPARATION FOR ACADEMIC COMPETITIONS IN THE SUBJECT OF HISTORY OF KAZAKHSTAN

Kairgali N.K.* – Master of Pedagogical Sciences (History), History Teacher, Expert Teacher, “Ozat” Specialized Information Technology Lyceum-School-Boarding School, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

Akhmetov T.A. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Department of pedagogy, Psychology and Special Education, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

Sartayev R.N. – Master of Pedagogical Sciences (History), History Teacher, Moderator Teacher, "Bilim-Innovation" Lyceum-Boarding School for Gifted Children, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

The article provides a comprehensive analysis of the importance of Olympiad training within the modern education system, focusing on the subject of the History of Kazakhstan. Olympiad pedagogy is рассматривается as an effective tool for identifying gifted students and developing their research and analytical skills. The authors systematize both theoretical and practical aspects of the micro-cycle approach, which serves as the foundation of Olympiad preparation. It is shown that preparing for History of Kazakhstan Olympiads requires not only factual knowledge, but also skills in historical analysis, working with sources, and identifying cause-and-effect relationships. The article describes in detail the structure of micro-cycles, their stages, and their role in the educational process. Each micro-cycle is aimed at developing specific student skills and is based on systematic revision and in-depth analysis. The authors propose ways to form a culture of historical thinking through the integration of theory and practice. In addition, effective methods of individualized work with gifted students and a system of differentiated tasks are discussed. Special attention is given to the development of metacognitive skills and reflection in the process of Olympiad preparation. Students learn to evaluate their own learning activities, analyze mistakes, and plan further work, which contributes to the development of academic independence. The authors justify the effectiveness of the proposed model in improving the quality of knowledge, as well as in fostering creative and critical thinking. The research results provide History of Kazakhstan teachers with practical guidance for the scientific and methodological organization of Olympiad training, effective planning of the educational process, and unlocking the potential of gifted students.

Key words: Olympiad pedagogy; History of Kazakhstan; Olympiad preparation; micro-cycle; gifted student; historical thinking; source analysis; analytical skills; individualized learning.

Қысқашы. Қазіргі білім беру жүйесінде оқушыларды пәндік олимпиадаларға дайындау – тек оқу жетістігін арттырудың құралы ғана емес, сонымен қатар дарынды балаларды анықтау, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту және академиялық әлеуетін шыңдау жолындағы маңызды педагогикалық процесс. Осы тұрғыда олимпиада педагогикасы – білімді тереңдетудің, жоғары деңгейлі ойлауды қалыптастырудың және күрделі деректермен жұмыс істей алатын оқушы моделін өсірудің ғылыми-әдістемелік негізі болып саналады. Әсіресе Қазақстан тарихы пәні бойынша олимпиадаға дайындық – оқушыдан тек фактілік білімді емес, тарихи талдау, дереккөздерді салыстыру, себеп–салдарлық байланыстарды анықтау, концептуалды ойлау және ұлттық тарихи сананы түсіну секілді жоғары дағдыларды талап етеді.

Олимпиадалық дайындық процесінің тиімділігі көбіне мұғалім құратын микро-циклдердің сапасына байланысты. Микро-цикл – қысқа мерзімге жоспарланған, нақты бір дағдыны дамытуға бағытталған, әдістемелік жағынан біртұтас шағын оқу кезеңі. Теориядан практикаға көшу арқылы даярлықтың әрбір кезеңінде оқушының аналитикалық ойлау қабілетіне, дәлелді қорытынды жасауына және тарихи материалды интерпретациялауына ерекше мән беріледі. Қазақстан тарихы бойынша олимпиадалық микро-циклдер көбіне тарихи кезеңдерді тереңдетіп меңгеру, картамен жұмыс, дерек талдау, хронология және терминологиялық дайындық сияқты бағыттарды қамтиды [1, 29 б.].

Қазақстан тарихы – ұлттық сананы қалыптастырудың, елдік болмысты түсінудің және жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеудің негізгі құралы. Тәуелсіздік кезеңінде тарихты оқыту білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігіне айналып, оқушылардың дүниетанымын кеңейтуге, тарихи ойлау қабілетін дамытуға бағытталды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері:

Дарынды балаларды анықтау мен дамыту Қазақстан Республикасының білім беру саясатының басым бағыттарының бірі. Сол мақсатта жыл сайын жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында республикалық, халықаралық деңгейде пәндік олимпиадалар өткізіледі. Оның ішінде тарих пәні оқушылардың шығармашылық ізденісін, аналитикалық ойлауын, дерекпен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ықпал ететін маңызды алаң болып табылады.

Олимпиадаға дайындықтың ерекшелігі – ол тек қана пәндік білімді тереңдетіп қана қоймайды, сонымен бірге оқушыны зерттеушілікке, дербес ой айтуға, тарихи құбылыстарға сыни тұрғыдан қарауға үйретеді. Бұл үдерісте мұғалімнің рөлі ерекше: ол оқушыны бағыттап, ғылыми әдістемемен қамтамасыз етеді, әрі тиімді дайындық жолдарын көрсетеді.

Алайда мектеп тәжірибесінде оқушыларды олимпиадаға жүйелі дайындауға арналған бірыңғай бағдарлама жеткіліксіз. Әр мұғалім өз тәжірибесіне сүйеніп дайындық жүргізеді, бұл әдістердің бірізділігін қамтамасыз ете бермейді. Осы олқылықты толтыру мақсатында «Қазақстан тарихы пәні бойынша оқушыларды олимпиадаға дайындау әдістемелік нұсқаулығы» дайындалды.

Бұл мақаланың өзектілігі – олимпиада тапсырмалары мектеп бағдарламасынан әлдеқайда кең ауқымды қамтиды. Оқушылар тек оқулықпен шектелмей, қосымша дереккөздер, ғылыми еңбектер,

тарихи құжаттармен танысуы қажет. Теориялық білімді тереңдету – оқушыға тарихи фактілерді жай жаттап қана қоймай, олардың арасындағы байланыстарды көруге мүмкіндік береді. Мәселен, бір дәуірдің саяси оқиғаларын әлеуметтік-экономикалық дамуымен салыстыру, тарихи тұлғаның қызметін дәуір ерекшеліктерімен байланыстыра білу олимпиадада жоғары нәтижеге жетелейді [1, 34 б.].

Материалдар мен әдістер:

Олимпиадаға дайындық кезінде оқушының дерекпен жұмыс дағдысы бірінші орынға шығады. Мысалы, тарихи құжатты оқи отырып, оның авторын, жазылу уақытын, мақсат-мүддесін анықтау қажет. Бұл сыни ойлау мен дерекке объективті қарауды қалыптастырады. Картамен жұмыс – аумақтық өзгерістерді, халықтардың көші-қон бағыттарын, соғыс жорықтарын талдауға мүмкіндік береді. Ал хронология – оқиғаның уақыттық реттілігін сақтап, тарихи процесті тұтастай көруге жол ашады. Бұл дағдыларды дамыту арқылы оқушылар тарихи материалды жай жаттамай, оны сараптап үйренеді.

Әлемнің озық елдерінде тарих пәнінен оқушыларды олимпиадаға дайындаудың өзіндік ерекшеліктері бар. АҚШ-тағы *History Bee* жарыстары оқушының жылдам ойлау және нақты жауап беру қабілетін дамытады. Ұлыбританияның A-Level емтихандары тарихи деректерді талдауға, интерпретация жасауға үйретеді. Ал Сингапур, Жапония тәжірибесінде оқушыларға шағын зерттеу жобасын орындау міндеттеледі. Осы тәжірибелерді Қазақстандық білім беру жүйесіне бейімдеу оқушылардың халықаралық стандарттарға сай дайындалуына мүмкіндік береді.

Олимпиадаға дайындық тек жеке оқу арқылы ғана емес, топтық талқылаулар, пікірталастар арқылы да нәтижелі болады. Жеке дайындық оқушының дербес жұмыс істеу қабілетін арттырса, топтық дайындық барысында бір-бірімен ой бөлісу, пікір алмасу, сыни тұрғыдан бағалау машықтары қалыптасады. Бұл тәсілдер оқушыға материалды тереңірек меңгеруге, ой-өрісін кеңейтуге және коммуникациялық қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Олимпиаданың басты айырмашылығы – тапсырмалардың күрделілігі мен көпқырлылығында. Оқушыдан бір уақытта дерек талдау, тарихи картадан қорытынды жасау, эссе жазу талап етіледі. Сондықтан мұғалімдерге арнайы әдістемелік бағдарлама қажет: онда қандай тапсырмаларды қандай әдіс арқылы орындауға болатыны, қай кезеңде қандай дағдыларды дамыту керектігі нақты көрсетілуі тиіс. Бұл оқушыны жүйелі дайындыққа тартып, олимпиада кезінде уақытты дұрыс пайдалануына мүмкіндік береді.

Осы зерттеу Қазақстан тарихы пәні мұғалімдеріне, олимпиада жаттықтырушыларына және дарынды балалармен жұмыс істейтін педагогтарға теориялық әрі практикалық бағдар беруді мақсат етеді. Теориялық тұжырымдар нақты тәжірибемен біріктіріліп, оқушыны жоғары нәтижеге жеткізе алатын әдістемелік модель ұсынылады [2, 146 б.].

Нәтижелер мен талқылау: «Олимпиада шыңы: Қазақстан тарихы бойынша теориядан практикаға дейін» авторлық бағдарламасының күтілетін нәтижелері оқушының пәндік білімін, дерекпен және картамен жұмыс дағдысын, сондай-ақ дәлелді ойлау мен уақытты басқару қабілетін қатар дамытуға бағытталады. Бағдарлама аяқталғанда оқушы Қазақстан тарихының негізгі кезеңдерін хронологиялық желіде шатастырмай айтып, даталарды кеңістікпен байланыстыра алуы, оқиғаларды территория, ішкі және сыртқы саясат, тарихи маңызы логикасымен қысқа әрі құрылымдалған жауапта жеткізуі, сондай-ақ жазба, археологиялық немесе ауызша дерекпен РЕЕ үлгісі бойынша жүйелі жұмыс істей алуы күтіледі: тезис ұсынады, кем дегенде екі нақты дәйек келтіреді және себеп–салдарды түсіндіріп, тарихи маңызын тұжырымдайды. Карта-практикумдарда оқушы 3–6 нүктені дәл қойып, әрқайсысының бір сөйлемдік маңызын айта алады; негізгі тұлғалар мен ұғымдарға қатысты нақты цитата не құжаттық айғақпен дәлел келтіреді. Осы пәндік нәтижелермен қатар жоғары деңгейлі ойлау дағдылары да қалыптасады: оқушы екі кезеңді, екі дереккөзді немесе екі тұлғаны салыстырып, ортақ және айырмашылық белгілерін дәйекпен көрсетеді; себеп–салдар тізбегін құрып, қорытынды жасайды; тіпті қарама-қайшы деректер берілгенде ең қисынды интерпретацияны таңдап, оны неге солай таңдағанын дәлелдейді. Soft skills тұрғысынан оқушы 9–10 минут ішінде толыққанды қысқа жауап жаза алатын уақыт менеджментіне, жұпта немесе топта өз уәжін сыпайы әрі дәйекті қорғауға, қателер журналын жүргізіп, апта соңында рефлексия жасап, келесі кезеңге нақты мақсат қоюға үйренеді. Командалық деңгейде ай сайынғы Моск сынақтардың орташа ұпайы тұрақты өседі, карта дәлдігі жоғарылайды, құрылымдалған жауаптарда екі дәйекпен сөйлейтін оқушылар үлесі басым бола бастайды.

Осының бәрін әділ әрі көрінетін түрде тексеру үшін бағалау жүйесі күнделікті қалыптастырушы және айлық жинақтаушы өлшемдерден тұрады. Сабақ үстінде қысқа блиц-диагностика жасалады: бірнеше дата, бір карта нүктесі және бір термин арқылы жылдам импульс алынады; шағын РЕЕ тапсырмасында мұғалім дереу кері байланыс береді, ал карта-drill кезінде нүкте дәлдігі мен «неге маңызды?» деген бір сөйлемдік тұжырымға мән беріледі. Жазбаша тексеруде құрылымдалған жауап 6–8 сөйлеммен тезис–дата/орын–дерек–себеп–процесс–салдар/маңыз–қорытынды тізбегі бойынша бағаланып, ауызша қорғаныста оқушы шағын кейсті тез құрылымдап, мұғалімнің нақты сұрақтарына дәйекті жауап береді; салыстырмалы талдауда екі объект 2+х2 дәлелмен, дерекке сілтемемен салыстырылады. Айдың соңында толық форматтағы Моск өткізіледі: тест, дерек-талдау (РЕЕ), құрылымдалған жауап және карта-практикумнан тұратын бұл симуляция нақты уақыт режимінде алынып, келесі сабақта қате түрлері (дата, карта, дерек, логика, уақыт) бойынша талданып, қысқа қайта тапсыру жасалады; тоқсандық бақылауда осы Моск нәтижелері шәкірт портфолиосымен (ең жақсы РЕЕ,

карта жұмысы, бір салыстыру) бірге есепке алынады. Бағалау рубрикалары мәтіннің сапасын емес, аргументтің құрылымын өлшейді: РЕЕ-де тезистің анықтығы, екі дәйектің нақтылығы және түсіндірменің себеп–салдарға сай келуі; құрылымдалған жауапта логикалық тізбек пен дерек/дата/орынның дәлдігі; картада нүкте дәлдігі мен «бір сөйлемдік маңыз» бағаланады. Soft skills тексеруінде хронометражбен жазу, teach-back форматында жұптық түсіндіру және қателер журналы бойынша апта соңындағы өзін-өзі бағалау қолданылады. Барлық ұпайлар апта сайын графикке түсіріліп, «жасыл–сары–қызыл» статустарымен белгіленеді; екі апта қатарынан әлсіз көрсеткіш тіркелсе, 10–15 минуттық жеке интервенция жоспарланады; ал команда деңгейінде карта дәлдігі, РЕЕ-де екі дәйек үлесі және Москтың орташа балы ай сайын талқыланып, келесі айдың фокусы анықталады. Әділдік үшін кейде соқыр тексеріс жүргізіліп, кері байланыс әрқашан рубрика тармақтарымен беріледі; ерекше білім қажеттілігі бар оқушыларға ақылға қонымды жағдай жасалады. Осылайша, теория күнделікті практикаға айналып, «бір сабақ – бір идея, бір дерек, бір карта, бір жауап» қағидасы тұрақты жұмыс ырғағына түседі; ай сайынғы Моск қорытындыны жинақтап, оқушыны дәлелді ойлау, уақытты басқару және коммуникация тұрғысынан олимпиадалық форматта тұрақты жоғары нәтижеге дайындайды.

Қазақстан тарихы пәні бойынша олимпиадалық дайындықты ұйымдастыру – күрделі әрі көпқырлы педагогикалық процесс. Ол тек мазмұндық білімді меңгертумен шектелмейді, қайта оқушының тарихи ойлауын дамыту, деректермен жұмыс істей алуын қалыптастыру, күрделі мәселелерді талдауын академиялық мәдениетін нығайту міндетін қояды. Осы тұрғыдан алғанда олимпиада педагогикасының негізгі өзегі – теориялық материалды жүйелі негізде меңгерту және оны микро-циклдер арқылы практикалық деңгейге жеткізу. Микро-цикл оқушыға шағын уақыт аралығында нақты бір дағдыны меңгеруге мүмкіндік беретін құрылымдалған оқу бөлігі болып табылады. Әрбір микро-цикл өз ішінде мақсат, мазмұн, әдіс, бақылау және рефлексия компоненттерін қамтиды [2, 178 б.].

Қазақстан тарихындағы олимпиадалық дайындықтың теориялық компоненті, ең алдымен, тарихи білім мазмұнын тереңдетіп меңгерумен ерекшеленеді. Оқушылар дәстүрлі сабақтардағы базалық біліммен шектелмей, тарихи дереккөздердің табиғаты, олардың сенімділік дәрежесі, әр кезеңнің методологиялық ерекшелігі, тарихнамалық көзқарастардың айырмашылығы сияқты күрделі ұғымдарды түсінуі тиіс. Мәселен, ежелгі дәуір бойынша дайындықта археологиялық, антропологиялық және лингвистикалық деректердің өзара байланысы зерделенсе, ортағасырлар бойынша саяси құрылым, мемлекеттік дәстүр, көшпелі өркениеттің ерекшеліктері сияқты тақырыптар тереңдетіледі. Жаңа және қазіргі заман тарихына қатысты микро-циклдерде хронологияны құрастыру, әлеуметтік-экономикалық реформалар арасындағы себеп–салдарлық байланыстарды анықтау, тарихи тұлғалардың қызметін бағалау дағдыларына баса мән беріледі [3, 95 б.].

Практикалық компонент оқу процесін жандандыратын басты күш болып табылады. Оқушы нақты тарихи материалмен жұмыс істеу барысында талдау, интерпретация, салыстыру, қорытынды жасау дағдыларын қалыптастырады. Бұл кезеңде картамен тереңдетілген жұмыс, хронологиялық кесте құрастыру, тарихи деректерді категорияларға бөлу, салыстырмалы талдау жүргізу, эссе құрылымын меңгеру және дереккөздерді дұрыс пайдалану әдістері қолданылады. Мәселен, карта бойынша тапсырмаларда оқушылар белгілі бір аймақтың саяси жағдайын модельдейді, шекаралардың өзгеру динамикасын түсіндіреді немесе тарихи оқиғаның геосаяси маңызын анықтайды. Дерекпен жұмыс кезінде оқушылар мәтіннің авторын, мақсатын, дерек табиғатын, оқиғаға қатысты ұстанымын талдап, оның тарихи дәлдігін бағалайды. Бұл әдістер оқушының пәнді механикалық түрде емес, ғылыми тұрғыдан түсінуіне ықпал етеді [4, 54 б.].

Олимпиадалық микро-циклдердің тиімділігі олардың кезеңдік логикасына байланысты. Әдетте цикл төрт негізгі сатыдан тұрады: *дайындық, қалыптастыру, қолдану және бағалау*. Дайындық кезеңінде оқушы базалық білімді белсенді түрде еске түсіріп, алдағы бөлімге қажетті теориялық түсініктерді меңгереді. Қалыптастыру кезеңінде жаңа дағдыларды жүйелі түрде бекітуге бағытталған тапсырмалар беріледі. Қолдану кезеңінде оқушы алған білімін күрделі контекстте пайдаланады: олимпиадалық форматтағы тесттер, тарихи эссе, ситуациялық есептер, дәлелді пікір айтуға арналған тапсырмалар. Бағалау және рефлексия кезеңінде мұғалім жетістіктер мен қиындықтарды талдап, келесі циклдің мазмұнын жоспарлайды [5, 77 б.].

Дарынды оқушымен жеке жұмыс олимпиадалық дайындықтың маңызды бөлігін құрайды. Әр оқушының ойлау стилі, күшті тұстары, бейімділігі мен интеллектуалдық ерекшеліктері әртүрлі болғандықтан, мұғалім оқу процесін жекелеңдіру стратегияларын қолдануы тиіс. Мысалы, тарихқа қызығушылығы жоғары, аналитикалық қабілеті мықты оқушыларға тарихнамалық талдау, күрделі дереккөздермен жұмыс, ғылыми аргументация бойынша кеңейтілген тапсырмалар ұсынылады. Керісінше, хронология немесе терминологиялық база әлсіз оқушыларға қайталау циклі, визуальды материалдар, интеллект-карта және құрылымдық кестелер тиімді болады. Мұндай сараланған тәсіл оқушының тек білімін ғана емес, оның сенімділігін, пәнге деген қызығушылығын арттырады [5, 86 б.].

Олимпиадалық дайындық процесінде баланың метатанымдық қабілеттерін дамыту ерекше орын алады. Оқушы қандай тапсырманы қалай орындағанын, қандай қиындықтар кездескенін, қандай әдіс тиімді болғанын түсіне алуы олимпиадада жоғары нәтиже көрсету мүмкіндігін арттырады. Рефлексия карталары, өзін-өзі бағалау парақтары, «ойлау дадылары матрицасы» сияқты құралдар осы мақсатта қолданылады. Бұл тәсілдер оқушының өз оқу траекториясын саналы түрде басқаруына жағдай жасайды.

Сонымен қатар, олимпиадалық дайындық тек академиялық біліммен шектелмей, оқушының коммуникативтік дағдыларын, стресске қарсы тұрақтылығын, уақытты тиімді басқаруын және ерік-жігерін дамытуға бағытталған. Өйткені олимпиада – тек білімді сынау емес, сонымен қатар психологиялық жүктемесі жоғары жарыс. Сондықтан мұғалім мен оқушы арасындағы серіктестік ахуал, мотивацияны қолдау, нәтижеге емес, прогреске бағытталған кері байланыс өте маңызды [6, 135 б.].

Жоғарыда көрсетілген педагогикалық тәсілдер мен кезеңдер олимпиада педагогикасының теориялық және практикалық бірлігінің негізін құрайды. Бұл модель Қазақстан тарихы пәні бойынша жоғары нәтижеге қол жеткізуде, ұлттық тарихи сана қалыптастыруда және оқушының зерттеушілік мәдениетін дамытуда маңызды рөл атқарады [7, 104 б.].

1 кесте – Қазақстан тарихы пәні бойынша олимпиадалық дайындықтың шағын микроциклі

Кезең	Мақсаты	Негізгі әрекеттер	Тапсырма түрі	Нәтиже
1-күн. Дайындық кезеңі	Базалық білімді белсендіру, теориялық негіз қалыптастыру	Тарихи кезеңді шолу, негізгі ұғымдарды түсіндіру	Хронология құру, негізгі терминдер тізімі	Оқушы тарихи кезеңнің жалпы контурын түсінеді
2-күн. Дайындық + Қалыптастыру	Қажетті теориялық білімді тереңдету	Тарихи дереккөздермен жұмыс, дерек авторын талдау	Дереккөзді талдау парағы	Оқушы дерек табиғатын танып, тарихи сенімділігін бағалай алады
3-күн. Қалыптастыру кезеңі	Аналитикалық ойлауды дамыту	Салыстырмалы талдау, себеп-салдар анықтау	2 тарихи оқиғаны салыстыру; себеп-салдар тізбегі	Оқушы тарихи процестер арасындағы байланыстарды түсіндіреді
4-күн. Қолдану кезеңі	Білімді күрделі контекстте пайдалану	Олимпиадалық форматтағы тапсырмалар	Жоғары деңгейлі тапсырмалар, ашық сұрақ, қысқа эссе	Оқушы күрделі тапсырмаларды дерекпен негіздеп орындайды
5-күн. Қолдану + Талдау	Деректерді интерпретациялау, дәлел құрау	Карта, статистика, диаграмма бойынша жұмыс	Картамен жұмыс, тарихи жағдай моделін жасау	Оқушы геосаяси контекстті түсіндіре алады
6-күн. Бағалау кезеңі	Жетістікті анықтау, қателермен жұмыс	Өзін-өзі бағалау, мұғалім рефлексиясы	Қателер картасы, рефлексия парағы	Оқушы жеке әлсіз тұстарын анықтап, келесі циклге дайындалады
7-күн. Қорытынды цикл	Алынған дағдыларды жинақтау	Шағын олимпиадалық сынақ	Шағын-олимпиада	Жалпы прогресс пен дайындық деңгейі бағаланады

[7, 107 б.].

Қазақстан тарихы пәні бойынша олимпиадалық дайындық – оқушының танымдық, аналитикалық және зерттеушілік қабілеттерін кешенді түрде дамытатын көпқырлы педагогикалық үдеріс. Бұл дайындықтың тиімділігі теориялық білімді механикалық жаттатудан емес, тарихи материалды терең түсінуге, дереккөздермен ғылыми жұмыс жүргізуге, күрделі мәселелерді талдау мен дәлелді көзқарас қалыптастыруға бағытталған микро-циклдік кезеңден көрінеді. Микро-циклизация мұғалім мен оқушыға оқу процесін шағын, нақты мақсатталған тәсілдерге бөліп жоспарлауға мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде әрбір кезеңде белгілі бір дағдыны жүйелі түрде дамытуға, оқу барысын бақылауға және нәтижені бағалауға болады [7, 112 б.].

Олимпиада педагогикасының негізгі идеясы – дарынды оқушыны жоғары академиялық деңгейге жеткізу ғана емес, оның интеллектуалдық дербестігін, тарихи ойлау мәдениетін, ғылыми дәлел құру қабілетін қалыптастыру. Мұндай мақсатқа жету үшін теория мен практиканың бірлігі шешуші рөл атқарады. Дереккөздерді талдау, картамен жұмыс, салыстырмалы әдіс, хронологиялық модельдеу, тарихи эссе жазу сияқты әдістер оқушының пәнді терең әрі саналы меңгеруіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ жекелендірілген тәсіл, өзіндік рефлексия және метатанымдық дағдыларды дамыту оқушының өзін-өзі басқару, өз күшті және әлсіз тұстарын тану қабілетін арттырады [8, 67 б.].

Жалпы алғанда, олимпиадалық дайындықты жүйелі ұйымдастыру – мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін, әдістемелік шеберлігін және баламен серіктестік қарым-қатынас орната алуын талап ететін күрделі, бірақ нәтижелі процесс. Ұсынылған теориялық принциптер мен практикалық микро-цикл моделі оқушыларды Қазақстан тарихы пәні бойынша жоғары нәтижеге жеткізуге, сондай-ақ ұлттық тарихи сананы терең түсінетін, дербес ойлай алатын, академиялық мәдениеті қалыптасқан тұлға тәрбиелеуге бағытталған тиімді әдістемелік құрал болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 **Бартлетт С. Білім берудегі зерттеулер. Кіріспе** [Мәтін]: оқулық / С. Бартлетт. – Астана: Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры, 2020. – 464 бет.
- 2 **Шиллинг М.А. Технологиялық инновациялардағы стратегиялық менеджмент** [Мәтін]: оқулық / М. Шиллинг. – 5-ші бас. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры, 2019. – 380 бет.
- 3 **Білім беру кеңістігіндегі цифрлық педагогика = Цифровая педагогика в образовательном пространстве**: [Мәтін] оқу құралы / Ж.К. Сағалиева және т. б. ҚР Білім және ғылым министрлігі. – Алматы: Бастау, 2020. – 388 бет. – На каз. и рус. яз.
- 4 **Күзембайұлы А., Әбіл Е. Тарих теориясы және методологиясы** [Мәтін]: оқу құралы / А. Күзембайұлы, Е. Әбіл. – Қостанай, 2015. – 220 б.
- 5 **Ланглуа Ш.В. Тарихты зерттеуге кіріспе: тарихтың методологиясы бойынша** [Мәтін]: монография / Ш. В. Ланглуа, Ш. Сеньобос; ауд. Б. А. Габдуллина. – Астана: Фолиант, 2015. – 280 б.
- 6 **Қозғамбаева Г.Б. Тарихты оқыту әдістемесі** [Мәтін]: оқу құралы / Г.Б. Қозғамбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 260 б.
- 7 **Кокебаева Г.К. Методика преподавания истории** [Текст]: учебно-метод. пособие / Г.К. Кокебаева, Г. Т. Жакупова. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 160 с.
- 8 **Битэм Э, Шарп Р. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. ХХІ ғасырдағы оқыту дизайны.** [Мәтін] / Э. Битэм, Р. Шарп. – Астана: – Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры, 2019.

REFERENCES:

- 1 **Bartlett S. Bilim berudegi zertteuler. Kirispe** [Research in education. Introduction]. Astana, Ulttyk audarma byurosy, Kogamdyk kory, 2020, 464 p. (In Kazakh)
- 2 **Shilling M.A. Tehnologiyalyk innovaciyalardagy strategiyalyk menedzhment** [Strategic management of technological innovation]. 5th ed. Almaty, Ulttyk audarma byurosy, Kogamdyk kory, 2019, 380 p. (In Kazakh)
- 3 **Sagalieva Zh. K. et al. Bilim beru kenistigindegi cifrlyk pedagogika = Cifrovaya pedagogika v obrazovatel'nom prostranstve** [Digital pedagogy in the educational space]. Almaty, Bastau, 2020, 388 p. (In Kazakh and Russian)
- 4 **Kuzembajuly A., Abil E. Tarih teoriyasy zhane metodologiyasy** [Theory and methodology of history]. Kostanay, 2015, 220 p. (In Kazakh)
- 5 **Langlois Ch. V., Seignobos Ch. Tarihty zertteuge kirispe: tarihtyn metodologiyasy bojnynsha** [Introduction to historical research: methodology of history]. Astana, Foliant, 2015, 280 p. (In Kazakh)
- 6 **Kozgambaeva G.B. Tarihty okytu adistemesi** [Methods of teaching history]. Almaty, Kazak universiteti, 2016, 260 p. (In Kazakh)
- 7 **Kokebaeva G.K., Zhakupova G.T. Metodika prepodavaniya istorii** [Methods of teaching history]. Almaty, Kazak universiteti, 2015, 160 p. (In Russian)
- 8 **Beetham E., Sharp R. Pedagogikany cifrlyk dauirde kajta zerdelu. XXI gasyirdagy okytu dizajny** [Rethinking pedagogy for a digital age. Designing learning for the XXI century]. Almaty, Ulttyk audarma byurosy, Kogamdyk kory, 2019. (In Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

*Қайрғали Нұрымжан Қайратұлы** – «Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі, тарих пәні мұғалімі, педагог-сарапшы, ҚОӘББ «Озат» мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернаты» КММ, Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай қ., тел.: 87479664798, e-mail: kajrgali.nurymzhan@mail.ru.

Ахметов Тілеген Әлмұханұлы – педагогика ғылымдарының кандидаты, педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай, Байтұрсынұнов көш., 47, тел: 87014859798, e-mail: tlegenakhmetov1955@gmail.com.

Сартаев Рауан Нуржанович – «Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі, тарих пәні мұғалімі, педагог-модератор, ҚОӘББ «Дарынды балаларға арналған БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ лицей-интернаты» КММ, Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай қ., тел.: 87475976671, e-mail: rauan.sartaev@mail.ru.

*Қайрғали Нұрымжан Қайратұлы** – магистр педагогических наук по образовательной программе «История», учитель истории, педагог-эксперт, КГУ «Специализированная школа-лицей-интернат информационных технологий «Озат» Управления образования акимата Костанайской области, Республика Казахстан, 110000, г. Костанай, тел.: 87479664798, e-mail: kajrgali.nurymzhan@mail.ru.

Ахметов Тлеген Альмуханович – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры педагогики, психологии и специального образования, Костанайский региональный универ-

ситет имени Ахмета Байтұрсынұлы, Республика Казахстан, 110000, г. Костанай, ул. Байтұрсынұва, 47, тел.: 87014859798, e-mail: tlegenakhmetov1955@gmail.com.

Сартаев Рауан Нуржанович – магистр педагогических наук по образовательной программе «История», учитель истории, педагог-модератор, КГУ «Лицей-интернат «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» для одарённых детей» Управления образования акимата Костанайской области, Республика Казахстан, 110000, г. Костанай, тел.: 87475976671, e-mail: rauan.sartaev@mail.ru.

Kairgali Nurymzhan Kairatuly* – Master of Pedagogical Sciences (History), History Teacher, Expert Teacher, MSI “Ozat” Specialized Information Technology Lyceum-School-Boarding School of the Education Department of the Kostanay Region, Republic of Kazakhstan, 110000, Kostanay, tel.: 87479664798, e-mail: kajrgali.nurymzhan@mail.ru.

Akhmetov Tlegen Almukhanovich – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of pedagogy, psychology and special education, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 110000, Kostanay, 47 Baitursynov Str., tel.: 87014859798, e-mail: tlegenakhmetov1955@gmail.com.

Sartayev Rauan Nurzhanovich – Master of Pedagogical Sciences (History), History Teacher, Moderator Teacher, MSI “Bilim-Innovation” Lyceum-Boarding School for Gifted Children of the Education Department of the Kostanay Region, Republic of Kazakhstan, 110000, Kostanay, tel.: 87475976671, e-mail: rauan.sartaev@mail.ru.

МРНТИ 14.29.33

УДК 376.1-056.36-053.5:004.9

<https://doi.org/10.52269/SKVC2622193>

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВОГО АССИСТЕНТА В РАЗВИТИИ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ С РАССТРОЙСТВАМИ АУТИСТИЧЕСКОГО СПЕКТРА

Лиходедова Л.Н.* – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

Акешова Н.М. – магистр иностранной филологии, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави, г. Туркестан, Республика Казахстан.

В настоящей статье рассматриваются возможности применения цифровых помощников (в частности, интеллектуального голосового агента «Алиса») в качестве средства развития коммуникативных навыков у учащихся младших классов с расстройствами аутистического спектра. Актуальность данного исследования обусловлена недостатком предсказуемых и стабильных решений, способствующих эффективной социализации и преодолению барьеров в межличностном общении у данной категории детей. В публикации излагается специфика восприятия цифровых помощников учащимися младших классов с РАС, обусловленная потребностью в шаблонном и эмоционально бедном общении; рассматривается использование различных алгоритмов речевых моделей для отработки языковых конструкций, а также технологии диалоговых навыков через игровой формат. Экспериментальную выборку составили учащиеся младших классов с РАС в возрасте 9-10 лет. Диагностика уровней сформированности коммуникативных умений «до» и «после» экспериментальной работы опиралась на стандартизированный инструментарий «Матрица коммуникации» (автор Чарити Роулэнд). Для оценки достоверности полученных результатов и сопоставления показателей обучающего воздействия применялся непараметрический Т-критерий Вилкоксона. Зафиксированные положительные изменения в показателях коммуникативного развития оказались статистически достоверными (при уровне значимости $p < 0,01$), что подтверждает эффективность предложенной системы работы на основе интерактивного взаимодействия с голосовым агентом. Таким образом, полученные эмпирические данные подтверждают, что интеграция виртуальных ассистентов в коррекционно-развивающий процесс стимулирует коммуникативную активность учащихся с РАС; способствует устойчивому закреплению адаптивных поведенческих моделей, которые впоследствии успешно переносятся (генерализуются) в условия межличностного взаимодействия со сверстниками и взрослыми.

Ключевые слова: Цифровой ассистент, расстройства аутистического спектра, коммуникативные навыки, инклюзивное образование, младшие школьники.

АУТИСТІК СПЕКТРІ БҰЗЫЛҒАН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДА ЦИФРЛЫҚ АССИСТЕНТТІ ПАЙДАЛАНУ

Лиходедова Л.Н.* – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.